

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Бөлме өсімдіктері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/21722/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Алматы қаласы Түрксіб ауданы №180 бөбекжай балабақшасы

Топ: «Күншуақ»

Білім беру саласы: Әлеумет

Оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері

Мақсаты: Балаларды жаңа бөлме өсімдігі қоғажаймен таныстыру, олардың сыртқы пішініне сипаттама беріп, жапырақтары туралы мағұлмат айту. Балаларды табиғат бұрышындағы өсімдіктердің атын атап, салыстыру арқылы білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызу. Бөлме өсімдіктерін күтіп баптауға, жұмысты біртіндеп орындауға дағдыландыру, әдемілікке, сұлулыққа деген сезімін ояту, еңбекке баулу.

Көрнекіліктер: бөлме гүлдерінің суреттері, демонстрациялық материалдар, диафильм, слайд.

Құрал-жабдықтар: Су құйғыш, сүлгі, еңбек құралдары: тырма, күрек, стейкалар, қолғап целлофан, су сепкіш.

Техникалық жабдықтар: Теледидар, ұнтаспа

Оқу қызметінің әдіс-тәсілдері: Салыстыру, сипаттау, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: Қоғажай, аспидистра, қопсыту.

Билингвальді компонент: бөлме өсімдіктері-комнатные растение

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Жарқырап күнде ашылды Айналаға нұр шашылды Біз көңілді баламыз Біз сүйкімді баламыз Табиғатқа қамқор боп Байлығын біз қорғайық Жақсылығын қолдайық Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Ал көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер мен құбылыстар болады? -Дұрыс айтасындар, көктемде күн жылынып, табиғат ояна бастайды. Ағаштар бүршік атып, гүлдер шыға бастайды.	Балалар қолдарын ұстап, шаттық шеңберін дауыстап айтады. Көктем Балалар көктемнің сызбасына қарап, естеріне түсіреді.

Ұйымдастырушылық -  
ізденістік

Гүлдер неше топқа бөлінеді ?  
Көне балалар бізде топ ішіндегі табиғат бұрышында қандай гүлдер бар екен.  
Ал бүгін сендермен жаңа гүлдермен танысатын боламыз. Мынау бегония, аспидистра және қоғажай гүлдері. Бәріміз бірігіп атайықшы. Бұл – бегония гүлі, ол өте әдемі, сабағы қатты гүл. Ал жапырақтары үсті жасыл, асты қандай екен балалар? — Балалар, ақырын ғана жанынан жапырақтарын көрейікші.  
Балалар қарандаршы, оның жапырағында ақ түтікшелер бар екен. Ал енді тағы бір гүліміз аспидистраны қарайықшы. Оның сабақтары ұзын, жапырағы жасыл, үсті тайғанақ болады. Бұл екі гүлдің ұқсастығы екеуі де күннің көзін қажет етеді, суғарғанды жақсы көреді. Ал айырмашылығы бегонияның жапырағы мен сабағы, аспидистрияға қарағанда қатты, әрі түсі өзгеше болады. Ал енді балалар, біз тағы бір әдемі гүлмен танысайықшы. Оның аты қоғажай. Бұл гүлдің түсі жасыл, ал гүлдерінің түсі ақшылдау, жапырақтарының үстінде кішкене түтікшелері бар екен, сабағы жіңішке. Бұл нәзік гүл балалар. Олай болса балалар, біз гүлді қалай күтеміз, қане, бәріміз көрсетейікші. Суғарамыз, шаңын сүртеміз, күтіп, баптаймыз. Олай болса, осы гүлдерді де солай күтейік. Мына суреттерде қандай бөлме гүлдерін көріп тұрсындар?  
Дұрыс айтасындар балалар, бұл жерде бізге таныс бөлме гүлдерінің суреттері бар, ал бүгін біз олардың қатарына тағы бір гүлді қостық. Назарымызды слайдқа аударайық.  
Балалар қарандаршы, гүлдерге байланысты мақал-мәтелдер беріліпті, өтірік өлеңдер де бар екен. Қандай қызық балалар! Ал ендеше, бәріміз бірге орнымыздан тұрып, сергіту жаттығуын жасайық.  
Күндей болып күлеміз,  
Гүлдей болып өсеміз  
Құстай боып ұшамыз,  
Көбелектей қонамыз.  
Ал енді, балалар, орнымызға отырайық. Балалар, сендер ғажайып өсімдіктер әлеміне саяхатқа барғыларың келе ме? Бәріміз тыныш отырып фильмді көрейік.

2 дала және бөлме гүлдері  
Өздеріне таныс гүлдердің атын атайды.

Балалар гүл аттарын атайды

Қызыл түсті

Балалар гүлді ұстап, оның сабағын, жапырағын сипап көреді.

Гүлдің әсемдігі туралы айтады.

Балалар гүлдерді мұқият қарап, олардың аттарын естеріне сақтайды.  
Балалар өздеріне таныс гүл аттарын атайды.

Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар көрдіңдер ме, бөлме өсімдіктерін қалай күту екендігін. Енді біз гүлдерді жұлмай, оларды әдемі қылып өсіріп, күтіп баптаймыз, жарай ма? Бүгінгі оқу іс-әрекетіне барлығың өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар, балалар.	Балалар оқу іс-әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі.
--------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------

## Күтілетін нәтиже

жаңғыртады: Бөлме гүлдерінің атауын, күту жолдарын білуі керек.

түсінеді: Өсімдіктер туралы түсініктері оларға деген қамқорлық сезімдері болуы тиіс.

қолданады: Гүлдерді дұрыс күтіп, қопсытып, суғаруды үйренуі керек.

Өткізген тәрбиеші: Әлішова Арайлым Серкіболқызы

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.